



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№16 (976) Сәрсенбі 29 сәуір 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

КӨКТЕМГІ ЕГІС НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданы Нағи Лиясов атындағы ауылға жұмыс сапарымен барып, егін алқабына алғашқы дән себу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев және ардагерлермен бірге алғашқы дәнді сеуіп, қамбаның астыққа толуына, мол өнім жиналып, шаруаларенбегінің ақталуына тілектестігін білдірді. Әрі қарай ауыл шаруашылығы техникалары, тыңайтқыштар, өсімдік қорғау құралдары және озық техникалар көрмесімен танысты.

Биыл вегетация кезеңінде облыстың егін алқаптарын суаруға 3,2 млрд текше метр су лимиті бөлінді. Жалпы 185,8 мың гектарға дақылдар егужоспарланған. Оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың гектар, майлы дақылдар 6,1 мың гектар, мал азықтық дақылдар 73,2 мың гектар, ал картоп, көкөніс және бақша дақылдары 16,8 мың гектар.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, суды көп қажет ететін дақылдар көлемін онтайландыру көзделген. Осыған байланысты биыл күріш көлемін 70 мың гектарға дейін қысқарту жоспарлануда. Оның орнына суды аз қажет ететін, өнімділігі жоғары жүгері алқаптарын ұлғайту қарастырылған.

Бүгінде ерте егілетін дақылдар себіліп бітуге жақын, қажетті тұқым, тыңайтқыш, техника және жанар-жағармай жеткілікті, 3975 техника көктемгі науқанға жұмылдырылды. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 21,7



мың тонна арзандатылған дизель отынына өтім берді. Оның 10,1 мың тоннасы көктемгі дала жұмыстарына, 11,6 мың тоннасы күзгі егін жинауға пайдаланылады. Егін шаруашылығын әртарапандырып, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізген шаруашылықтарды қолдау үшін алдағы үш жылға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінсе, 10 млрд. теңгеге жуығы биылға қарастырылған.

Соңғы жылдары су үнемдеу технологияларын қолдану 4 есе артып, 16,7

мың гектарға дейін жеткізіледі, аймақта бірқатар ірі инвестициялық жоба бар. Атап айтқанда, «Харвест Агро» серіктестігі Жалағаш ауданында жүгері, соя, техникалық қарасора егіп, 21 мың гектар жерге агрокластер құруда. «Центр семеноводства» серіктестігі Шнелі ауданында 10,0 мың гектарға жүгеріні жанбырлатып суару әдісімен егу, «Таң ЛТД» серіктестігі 3,0 мың гектарға жүгеріні тамшылатып суару әдісімен егу жобаларын қолға алған.

ЕСКЕ АЛУ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

Қызылорда қаласындағы «Тағзым» алаңында Чернобыль қаласындағы радиациялық апаттан қаза тапқан құрбандарды еске алуға арналған тағлымды іс-шара өтті.

Іс-шараның мақсаты – апат салдарынан қаза тапқан, ауыр жараланған ерлерге құрмет көрсетіп, ерліктерін өскелең ұрпаққа насихаттау. Осыдан 40 жыл бұрын, яғни 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом электр стансасында жарылыс болып, радиациясы көрші мемлекеттерге жетіп, апаты күллі адамзаттың қасіретіне айналды.

Чернобыль апатының алдын алуға қатысқан мыңдаған отандасымыз ерлігі мен жігерінің арқасында радиацияның әрі қарай таралуына тосқауыл болды. Олар Отан үшін өмірлерін қиып, өзге де адамдарды қорғап, өз борыштарын орындады.

Іс-шарада апат салдарын жоюға қатысқан азаматтардың ерлігі аталып, қатысушылар боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов пен облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Әлиев сөз

сөйлеп, олардың ел алдындағы еңбегіне құрмет білдірді. Қалалық «Чернобыль» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жұмабек Шахатов ардагерлерге ізгі лебізін білдірді. Сондай-ақ, жиынға қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, Чернобыль ардагерлері қатысып, тағзым білдірді.

Іс-шараға Қызылорда қаласының Әскери техникалық мектебі, Аумақтық қорғаныс бригадасы 99215 және 5547 әскери бөлімдерінің қызметкерлері атсалысты. Бұл іс-шара – ерлікті ұлықтап, кейінгі ұрпаққа өнеге берудің айқын көрінісі. Еске алу шарасына жиналған қауым Чернобыль апатын жоюға қатысқан азаматтардың рухына бас иіп, боздақтарды бір сәт үнсіздікпен еске алды. Соңында құрбандардың рухына құран бағыштап, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

КІТАП ЖӘНЕ ҚАЛАМҒЕР

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай Сыр өңірі мен Шымкент қаласының белгілі қаламгерлерінің қатысуымен «Кітап және қаламгер» атты кездесу кеші ұйымдастырылды. Шараны Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы С.Көзейбаев ашып, құттықтау сөз сөйледі.

Жазушы-эколог, Парасат орденінің иегері Сайлаубай Жұбатырұлы, Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент қаласындағы филиалының директоры, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі Момбек Әбдіқұмұлы, өңір руханиятының дамуы үшін аянбай қызмет етіп жүрген жерлестеріміз белгілі қаламгерлер, техника ғылымдарының докторы, профессор Серікбай Қошқаров, белгілі ақын, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қатгирә Жәленова сөз

сөйлеп, қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру, оқырман мен автор арасындағы байланысты нығайту туралы ой бөлісті.

Шараға қатысқан қаламгерлер өз шығармашылығы туралы, әдебиетке келу жолы және қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы жайында сөз қозғап, жастардың сұрақтарына жауап берді.

Екі өңірдің ақын-жазушыларының арасында әдеби байланыстарды нығайтып, шығармашылық тәжірибе алмасуға бағытталған шараға белгілі қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері, оқырмандар мен жастар қатысты.

ТАБИҒАТ ТА ТАЗАЛЫҚТЫ СҮЙЕДІ



Қызылорда облысының Жалағаш ауданында қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жасыл ортаға деген жауапкершілікті арттыру мақсатында «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында «Таза өлке – Жалағаш»

тақырыбында ауқымды экологиялық акция өтті.

Аталған шараның басты мақсаты – қоғам арасында экологиялық жауапкершілікті нығайту, тазалық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау. Акцияға барысына белгіленген аумақтарға 550 түп ағаш



отырғызылды. Сонымен қатар, елді мекен аумақтарын абаттандыру, көгалдандыру, тұрақты түрде сенбіліктер ұйымдастырудың маңыздылығы кеңінен насихатталды.

Шара барысында қатысушылар табиғатты қорғау – баршаға ортақ міндет екенін

атап өтіп, экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолында бірлесе әрекет етуге дайын екендіктерін білдірді. Бұл игі бастама аудан көлемінде тазалық пен тәртіпті сақтауға бағытталған жүйелі жұмыстардың жалғасын табатынын айқындайды.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.



БҮГІН - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИ КҮНІ

Би өнеріне арналған атаулы күн 1982 жылы ЮНЕСКО-ның Халықаралық би кеңесінің бастамасымен бекітілді.

Бұл мерекенің 29 сәуірге белгіленуінің өзіндік себебі бар. Бұл күні француз балет бишісі, теоретигі, балет өнерінде реформа жасаған Жан-Жорж Новерре дүниеге келген. Мереке бүкіл әлемде атап өтеледі.

СУ АЙДЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Жаз мезгілінің басталуымен өңірде су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Әсіресе, шомылу маусымында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және балалардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігін сақтау басты назарда. Осыған байланысты Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ТЖД бастығының орынбасары Бекболат Әбдіқадыров атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімдеді.

– Суға шомылуға тыйым салынған қауіпті 63 аймаққа 398 ескерту тақтайшасы орнатылып, 20 мобильді бақылау бекеті қойылған. Сонымен қатар, қауіпті орындарға орнатуға ыңғайлы, өзіндік құны төмен тыйым салу белгілерінің жаңа түрлері қолданылуда. Тұрғындар мен қала қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында полиция қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдар және еріктілермен бірлесіп

тәулік бойы рейдтік жұмыстар жүргізілуде. Одан бөлек, жыл басынан бері облыс аумағындағы су айдындарында 448 рейд ұйымдастырылып, 13 954 тұрғынға судағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Оның

ішінде 6 мыңнан астамы – жасөспірімдер. Бұл жұмыстарға 168 ерікті жұмылдырылған. Балалардың жазғы демалыс кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Су айдындарында қауіпсіздік талаптарын сақтау – әр азаматтың жауапкершілігі, – деді Бекболат Қайырбекұлы.

Сонымен қатар, спикердің айтуынша, облыс әкімінің қаулысына сәйкес өңірде 9 жағажай белгіленген. Алайда биыл оның тек 7-еуі ғана жұмыс істейді. Қызылорда қаласындағы «Сыр самалы» және Жанакорған ауданындағы «Борықты» жеке жағажайлары бұл маусымда ашылмайды.



ЖАҢА ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІКТЕР БЕРІЛДІ



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев полиция қызметкерлеріне салтанатты түрде су жаңа қызметтік көліктердің кілтін табыстады. Қызылорда облысы Полиция департаментінің автопарккі жаңа көліктермен толықты. Автокөліктерді табыс ету рәсімі Қызылорда қаласының Сол жағалауындағы «Қайсар Арена» стадионында өтті. Облыс әкімінің қолдауымен патрульдік полиция қызметкерлері су жаңа қызметтік автокөлікпен қамтамасыз етілді.

Қызылорданың Сол жағалауында бой көтерген жаңа стадионда өткен салтанатты шарада облыс әкімі сөз сөйлеп, өңірде Полиция департаменті бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту

мақсатында тиімді шаралар қабылданғанын атап өтті. Көліктерді тапсырып, өңірдегі қауіпсіздіктің артатынына сенім білдірді. Бүгінде өңірмізде құқық қорғау органдарын материалдық-техникалық тұрғыда

нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Табысталып отырған көліктер полиция қызметін жаңғырту және қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау бағытындағы кешенді жұмыстың бір бөлігі.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары – адам мен азаматтың өмірі мен құқықтарын қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы. Осы тұрғыда жүктелген міндеттерді сапалы орындау

және халықпен тікелей жұмыс істейтін жеке құрамның күнделікті қызметіне қолайлы жағдай жасау мақсатында Ішкі істер министрі Ержан Сапарбекұлы мен аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы тарапынан жүйелі қолдау көрсетілуде.

«Заң мен тәртіп» қағидаты – біздің қызметіміздің негізгі өзегі. Көрсетіліп отырған қолдау жүктелген міндеттерді тиімді орындауға елеулі серпін беретіні сөзсіз. Күндіз де, түнде де, ыстықта да, суықта да қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, азаматтардың тыныштығы мен құқықтарын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген жеке құрам көрсетіліп жатқан бұл қолдауды терең түсініп, қабылдаған аңғына адал болып, ел игілігі үшін алдағы уақытта да сапалы қызмет атқара береді» деді Полиция департаментінің бастығы Серік Ерғешов.

Тәртіп сақшыларына берілген темір тұлпарлар тұтастай заманауи құралдармен жабдықталған. Олар сенімді байланыс құралдарымен, бейнетіркеу жүйелерімен, бағыттау құрылғыларымен, арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен, сондай-ақ жедел қызмет атқаруға қажетті басқа да техникалық мүмкіндіктермен жабдықталған. Бұл тәртіп сақшыларының жедел әрекет етуі мен жұмысының сапасын арттырады.

«Ел тілегі» ақпарат



ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының Ақсай полиция бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы, полиция капитаны М. Сейіл және ювеналды полиция бөлімшесінің қызметкерлерімен бірлесіп отырып, №282 мектеп-лицейінде ата-аналар жиналысын ұйымдастырды.

Жиналыстың негізгі тақырыбы – жасөспірімдер арасындағы топтық төбелестердің алдын алу және оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Кездесу барысында полиция қызметкерлері топтық жанжалдардың туындау себептері, олардың құқықтық салдары және алдын алу жолдары жөнінде жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, интернет алаяқтықтың алдын алу, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, әлеуметтік желілердегі арандатушылық әрекеттерге жол бермеу, сондай-ақ бір-біріне құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру мәселелері кенінен талқыланды. Ата-аналарға балаларымен ашық қарым-қатынас орнату, олардың ортасын бақылау және кез келген күмәнді жағдайларға бейжай қарамау қажеттігі ескертілді.

Жиналыс барысында ата-аналар өз сұрақтарын қойып, құқық қорғау органдары тарапынан нақты жауаптар мен пайдалы кеңестер алды. Мұндай профилактикалық кездесулер жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға және қоғамдағы қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған маңызды шара болып табылады.



ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес, ағымдағы жылдың 27–29 сәуір күндері аралығында «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты – көшелер мен қоғамдық орындарда құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін сақтау.

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының қызметкерлері қоғамдық тәртіптің бұзылуына жол бермеу мақсатында заң талаптарына сәйкес бақылауды күшейтуде. Жол қозғалысы ережелерін бұзған немесе құқық бұзушылық жасаған азаматтар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылатындығы ескертіледі.

ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері интернет алаяқтық, буллинг, ұрлық және stalkingтің алдын алу мақсатында оқушылар арасында кең көлемді түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Аталған іс-шара Әли Мүсілімұлы атындағы №101 мектеп-лицейінде ұйымдастырылды. Кездесу барысында тәртіп сақшылары жасөспірімдерге интернет желісіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, күмәнді сілтемелерге өтпеу, жеке деректерді бөгіе адамдарға бермеу қажеттігін түсіндірді. Сонымен қатар, буллинг пен кибербуллингтің зияны, оның құқықтық салдары туралы айтылып, әрбір оқушының заң алдындағы жауапкершілігі түсіндірілді.

Полицейлер оқушыларды құқықбұзушылықтан аулақ болуға, өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және кез келген күмәнді жағдай туындаған кезде ата-аналар мен құқық қорғау органдарына жүгінуге шақырды. Осындай профилактикалық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.



20 ЖАСТАҒЫ ЖҮРГІЗУШІ ҰСТАЛДЫ

"Құқықтық тәртіп" жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында Қызылордада мас күйде көлік басқарған 20 жастағы жүргізуші ұсталды. Қызылорда қаласы Полиция басқармасының патрульдік полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережесін бұзған «Chevrolet Cobalt» автокөлігін тоқтатты. Тексеру барысында жүргізушінің жеке басы анықталып, оның алкогольдік ішімдік ішкені белгілі болды.

Наркологиялық сараптама қорытындысына сәйкес, жүргізушінің орта дәрежелі масаң күйде болғаны анықталды. Аталған құқық бұзушылық бойынша жүргізушіге қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен әкімшілік хаттама толтырылды. Автокөлік айып тұрағына қойылды.



КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

Қызылордалық полицейлер білім беру мекемелерінде интернет алаяқтықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Қызылорда қаласы Полиция басқармасының криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері қаладағы №3 мектеп-лицейде оқушылар мен студенттерге интернет алаяқтық, ұрлық, stalking сияқты құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында азаматтарға күмәнді сілтемелерге өтпеу, жеке деректерді бөгіе адамдарға бермеу, белгісіз қонырлар мен хабарламаларға сақтықпен қарау қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар, жастарға әлеуметтік желілерде қауіпсіздік ережелерін сақтау, алаяқтардың арбауына түспеу жолдары жан-жақты түсіндіріліп, нақты мысалдар келтірілді.

Мұндай алдын алу шаралары өскелең ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Полиция қызметкерлері азаматтарды қырағы болуға шақырып, кез келген күмәнді жағдай туындаған кезде дереу құқық қорғау органдарына хабарласу қажеттігін ескертті.

СТУДЕНТТЕРМЕН АШЫҚ СҰХБАТ

Қызылорда қаласының №2 сотының ұйымдастыруымен «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттерімен кездесу барысында сот әкімшісінің басшысы М.Жүсіпбекова соттың қызметі туралы ақпараттармен бөлісті.

Қызылорда қаласының №2 сотының судьясы Ж.Жәкеева сот практикасы бойынша істерді қарау тәртібіне тоқталып өтті. Ал, студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты. Сонымен бірге, кездесу барысында студенттердің заң талаптарын сақтап, құқыққа қайшы әрекеттерден аулақ болуы қажеттілігі жөнінде айтылды.

Қызылорда қаласының №2 соты



ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРІЛДІ

Қызылордалық полицейлер интернет алаяқтықтың алдын алу мақсатында студенттермен кездесті. Қызылорда қаласы Полиция басқармасының криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері Қызылорда жоғары медициналық колледжінің студенттерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында қазіргі таңда белең алып тұрған интернет алаяқтық, кибербуллинг, stalking, ұрлық және өзге де құқықбұзушылық түрлері кенінен түсіндірілді. Сонымен қатар, студенттерге алаяқтардың арбауына түспеу жолдары мен жеке қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде маңызды кеңестер берілді.


1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай өтетін іс-шаралар тізбегі

№	Іс-шара атауы мен өтетін орны, қатысушылар саны	Өтетін уақыты	Өтетін орны
1	«Бірлік Достық Береке» атты мәдени-көпшілік шара	1 мамыр сағат 10:00	Президент саябағы
2	«Қазақстан – достық мекені» атты мерекелік концерт	30 сәуір сағат 12:00	Өнер орталығы
3	Қалалық мәдени-демалыс паркінің маусымдық ашылу рәсімі	1 мамыр сағат 18:00	Қалалық мәдени-демалыс паркі
4	«Достығымыз жарасқан» атты үйірме мүшелерінің концерті	29 сәуір сағат 11:00	Ақсуат мәдениет Үйі
5	«Қазақстан – достықтың берік тұғыры» атты мерекелік концерт	29 сәуір сағат 10:00	Қызылжарма мәдениет Үйі
6	«Бейбітшілік – ел тілегі» атты концерттік бағдарлама	30 сәуір сағат 11:00	№ 189 орта мектеп Белкөл кенті
7	«Ұлт бірлігі – ұлы байлық» атты мерекелік концерт	30 сәуір сағат 16:00	С.Майқанова атындағы мәдениет Үйі
8	«Бейбітшілік – ел тілегі!» атты концерттік бағдарлама	30 сәуір сағат 10:00	Ақжарма мәдениет Үйі
9	«Татулығы жарасқан, тағдыры бір халықпыз» мерекелік концерті	30 сәуір сағат 10:00	Қарауылтөбе ауылдық клубы
10	«Бейбітшілік – ел тілегі» атты мерекелік концерт	30 сәуір сағат 11:00	Талсуат ауылдық клубы
11	«Бірлік пен татулықтың мекені!» атты концерттік бағдарлама	30 сәуір сағат 10:00	Абай мәдениет Үйі
12	«Қазақстан – достық мекені» атты өзге ұлт өкілімен сұхбат	30 сәуір сағат 10:00	Қараөзек ауылдық клубы

Уран өндіру және өңдеу кәсіпорындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті Өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының негізгі бағыты – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, авариялар, оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу болып табылады. Басқарманың Тау-кен өнеркәсібін және атом энергиясын пайдалану объектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімі - облыстағы тау-кен, геологиялық барлау жұмыстары және уранды өндіру және өңдеу кәсіпорындарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізеді.

2026 жыл басынан осы кезең аралығында инспекторлармен тексеру жүргізу тізіміне сәйкесуран өндіру және өңдеу саласында 6 субъектіге (объектіге) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бойынша тексеру жүргізіліп, бұзушылықтар анықталды. Мемлекеттік инспекторлармен тексеру нәтижелері туралы акті және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі бойынша әкімшілік іс қозғалып, айыппұлдар салынды.



Жоспарлы тексеру қорытындылары бойынша кәсіпорын өкілдерімен техникалық кенестер өткізіліп, кәсіпорын басшыларымен және инженерлік-техникалық қызметкерлер құрамымен анықталған бұзушылықтар талқыланып, қосымша қажеттілік туындаған жағдайда, бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту талаптары түсіндірілді. ҚР өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамаларының, атап айтқанда: «Уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары», «Өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» және «Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды

пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары», «Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары», «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары», «Компрессорлық станциялардың пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының» талаптары түсіндірілді.

БҮРКІТБАЙ БИБАУА
Тау-кен өнеркәсібін және атом энергиясын пайдалану объектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы



КОНГО-ҚЫРЫМ ҚАНДЫ БЕЗГЕГІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Конго-Қырым қанды қызбасы ауруы аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жататын өте қатерлі ауру. Ауру көктем, жаз, күз айларында кездеседі.

Конго-Қырым қанды қызбасы ауруының тасымалдаушысы қарапайым кене. Кене шағу қауіптілігі кейбір кенелердің ағзасында осы ауруды тарататын вирустардың сақталуы. Сол себепті аурудың тіркелуі осы кенелердің көктем, жаз мезгілдерінде шығып, шағу белсенділігінің артатын кезеңімен байланысты. Кенелер адамға мал жайғау, малды сауу, сыртта бақша егу, отын-шөп дайындау, табиғатта дем алу, тағы сол сияқты жағдайларда жабысады.

Ауру қоздырғышы вирустар адам ағзасына:

Трансмиссивтік жолмен – кененің жабысып шағуы, қарым қатынас, ауру адамнан сау адамға қан және қан бөлінділері және кенені қолмен езу, қайшымен кию кезінде қолға қан жұғуы арқылы беріледі.

Ережелерді назарда сақтаған жөн:

Табиғат аясында, саяжайда демалған сәттерде, кенеден сақтану, яғни дененің киімінен ашық жерлерін мейлінше азайту керек. Кене жабысу мүмкіндіктері бар жерлерде шалбардың балағын носкидің ішіне, көйлекті шалбардың беліне салып қымтаған дұрыс. Бұл шара кененің денеге кіруінен қорғайды. Жұмыстан кейін жабысқан кенелерді анықтау үшін күнделікті үстіңізді мұқият бір тексеріп шығыңыз.

Кене малдың үстінде болатындығын ескере отыра, малды күту барысында сақтық ережелерді бұлжытпай орындау керек. Малдағы кенені жалаңаш қолмен жұлуға болмайды.

Мал күтімімен айналысу барысында бөлек арнайы киім пайдаланып, мал қордан шыққанда оны ауыстыру керек. Былғы жылы Жанакорған ауданы бойынша 17 ауылдық округ пен елді мекен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы вирустарын тасымалдаушы кенелерден қолайсыз болып танылып отыр. Осы індеттің алдын алу үшін залалсыздандыру жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес сәуір айынан басталды.

Залалсыздандыру жұмыстары қи-қоқыстан тазартылған қора-жайларда жүргізілгенде ғана тиімді болады. Осыған сәйкес, қора-жайлардың қи-қоқыстан механикалық тазартылғаны аса маңызды. Сонымен бірге елді мекендерде ауыл шаруашылығы жануарларын эктопаразиттерге қарсы ветпрепараттармен (ивермек, ивен және т.б.) егу өте тиімді. Көктем күзде эктопаразиттерге қарсы еkle жасау кенеден, сондай-ақ түрлі паразитті аурулардың алдын алуға болатынын назарларыңызға ұсынамыз.

Жанакорған аудандық ветеринариялық станциясы

Қызылорда облысының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлеріне ЕСКЕРТУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГҚБ Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырлария, Шиелі, Жанакорған аудандары аумағында километрлік бағаналармен және ескерту таңбаларымен белгіленген «Ақшабулак-Қызылорда», «Бейнеу-Бозой-Шымкент», «Сарыарқа» жоғары қысымды газ құбырлары, компрессорлық станциялар және газ-бұрымы - бұрмалар жүргізілгендігі, МГ Құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарымен және құрылыстарымен, АГТС орналасқанын ескертеді.

Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» заңы және Қазақстан Республикасында «Байланыс желілерін күзету» ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары:

- табиғи газды тасымалдайтын магистральдық құбыр трассалары бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;
- байланыс желілерінің трассасы бойында - байланыс желісінің білігінен әр жағынан 2 метр қашықтықта орналасатын шартты сызықтармен шектелген жер телімі түрінде белгіленеді;
- компрессорлық және газ тарату станциялары төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалайтын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орналыады.

Магистральдық құбырлардың күзет аймақтары шегіндегі жерлер жер пайдаланудың ерекше режиміне ие және олар жер учаскелерінің меншік иелерінен, жер пайдаланушылардан алынбайды.

«Магистральдық құбырлар» ҚР ЕЖ Б-Қосымшасында құбырдан нысандарға дейінгі ең аз қашықтығы бекітілген.

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

Құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймағында құбыр желілерін және байланыс желілерін қалыпты пайдалануын бұзуы мүмкін, немесе олардың зақымдалуына жетуі мүмкін кез-келген түрдегі әрекеттерді жүргізуге, атап айтқанда:

- өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;
- бағандық және орман өсіруге, сондай-ақ жер жұрту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;
- магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырды өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;
- кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;
- автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
- мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;
- магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;
- ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынағаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геологиялық және басқа да іздеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГҚБ-ның жазбаша рұқсатынсыз магистральдық құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймақтарында кез-келген жұмыстарды және әрекеттерді орындауға тыйым салынады.

Магистральдық құбыр желілерін, жоғары қысымды газ құбырлары-бұрмаларды, МГҚБ құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарымен және құрылыстарымен КС және АГТС күзету аймағында кез-келген

жұмыстарды және әрекеттерді орындау қажеттілігі туындағанда, ұйымдар және азаматтар мыналарға:

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГҚБ-дан магистральдық құбыр желілерінің күзету аймағында жұмыстарды жүргізу үшін жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат тек қана, жұмысты жүргізуде қолданылатын құбыр желілері мен байланыс желілері көрсетілген жобалық және атқарушылық құжаттама болған жағдайда ғана беріледі.

- 5 тәуліктен кешіктірмей «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГҚБ өкілдерінің қатысуы қажет етілетін жұмыстарды жүргізу уақыты туралы хабарлауға;

- жұмыстарды құбыр желісінің, МГҚБ құрамына кіретін технологиялық байланыс, телемеханика және электр желілерінің тармақтарының және құрылыстарының және айыру белгілерінің сақталуын қамтамасыз етіп орындауға міндетті.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуді күзету аймағында жерді өңдеу ережелерін қатаң сақтап орындау керек (өңдеу тереңдігі 0,3м аспайды, өңдеу бағыты газ құбырының білігіне тек перпендикулярлы түрде).

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГҚБ магистральдық құбыр желілерін және телекоммуникация желілерін күзету ережелерін, сондай-ақ күзету аймағында жұмыстарды жүргізуге берілген рұқсатта көрсетілген талаптарды бұзумен орындалатын жұмыстарды тоқтатуға құқылы.

Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» заңы, «Байланыс желілерін және электрлік желілерді күзету» ережелері жергілікті билік және басқару органдарының, сондай-ақ құбыр желілері өтетін аумақта жұмыстарды немесе қандай да бір әрекеттерді жүргізетін өзге де кәсіпорындардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Баяндалған талаптарды, ережелерді, заңды бұзуда кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда жазылғандарға қатысты барлық мәселелер жөнінде мынадай мекен-жайымызға хабарласу керек: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» Магистральдық Газ Құбырлары Басқармасы, Қызылорда қ., Арай шағын ауданы, СердалыБекшораулы көшесі, 1 ғимарат. Телефондар:

Диспетчерлік қызмет - 8 (7242) 30-11-17, 60-52-10, 8-771-285-1413 (тәулік бойы).

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ руководителям и работникам предприятий промышленности, строительства, сельского хозяйства, транспорта и связи Кызылординской области

УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» предупреждает, что на территории Аральского, Казалинского, Кармакчинского, Жалағашского, Сырдарьинского, Шиелинского и Жанакорганского района Кызылординской области проложены магистральные газопроводы «Ақшабулак-Кызылорда», «Бейнеу-Бозой-Шымкент», «Сарыарқа», компрессорные станции и газопровод-отводными и сооружениями технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ, которые отмечены километровыми столбиками и предупредительными знаками.

Согласно Закону Республики Казахстан «О магистральном трубопроводе» и «Правилам охраны линий связи в Республике Казахстан», устанавливаются следующие охранные зоны:

- вдоль трасс магистрального трубопровода, транспортирующего природный газ – в виде земельного участка, ограниченного условными линиями, проходящими в 50 метрах от оси трубопровода с каждой стороны;
- вокруг компрессорных и газораспределительных станций – в виде земельного участка, ограниченного замкнутой линией, отстоящей от границ территорий указанных объектов на 100 метров во все стороны;
- вдоль трассы линии связи – в виде участка земли, ограниченного условными линиями, проходящими в 2 метрах от оси линии связи с каждой стороны.

Земли в пределах охранных зон магистральных трубопроводов имеют особый режим землепользования и у собственников земельных участков, землепользователей не изымаются.

Приложением-Б СП КС 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬНЫЕ ТРУБОПРОВОДЫ» установлены минимальные расстояния от

трубопроводов до объектов.

ЗАПРЕЩАЕТСЯ:

В охранных зонах трубопроводов и линий связи запрещается производить всякого рода действия, могущие нарушить нормальную эксплуатацию трубопроводов и линий связи, либо привести к их повреждению, в частности:

- устройство проездов, грунтовых дорог и иных временных или постоянных транспортных пересечений трассы магистрального трубопровода и его охранный зоны без согласования с собственником магистрального трубопровода, места их размещения, порядка строительства, обустройства и использования;
- садоводство и лесоразведение, а также выполнение любых не согласованных с собственником магистрального трубопровода работ, кроме комплекса агротехнических работ для выращивания полевых сельскохозяйственных культур с пахотной глубиной не более тридцати пяти сантиметров;
- рекультивация дорог, обустроенных собственником магистрального трубопровода либо оператором, предназначенных для обслуживания магистрального трубопровода и обеспечения его физической защиты, а также воспрепятствование движению работников, выполняющих противопожарные и охранные функции на магистральном трубопроводе по этим дорогам, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан;
- возведение любых построек и сооружений;
- организация стоянок автомобильных транспортных средств, тракторов и механизмов;
- производство мелиоративных земляных работ, сооружение оросительных и осушительных систем;
- производство горных, строительных, монтажных и взрывных работ, планировка грунта без согласования с собственником магистрального трубопровода;
- производство геологосъемочных, поисковых, геодезических и других изыскательных работ, связанных с устройством скважин, шурфов и взятием проб грунта (кроме почвенных образцов).

В охранный зоне магистрального трубопровода и линии связи без письменного разрешения УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» запрещается проводить какие либо работы и действия

При необходимости выполнения любых работ и действий в охранный зоне магистрального газопровода с линиями и сооружениями технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ, организации и граждане обязаны:

- получить от УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» письменное разрешение на производство работ в охранный зоне магистральных трубопроводов. Разрешение на производство работ может быть выдано только при условии наличия у производителя работ проектной и исполнительной документации, на которой нанесены действующие трубопроводы и линии связи;
- не позднее чем за 5 суток уведомить о времени производства работ, при которых необходимо присутствие представителей УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия»;
- выполнять работы с соблюдением условий, обеспечивающих сохранность трубопровода, линий и сооружений технологической связи, телемеханики и электрических сетей входящих в состав МГ и опознавательных знаков.

Сельскохозяйственные работы необходимо выполнять при строгом соблюдении правил обработки земли в охранный зоне (глубина обработки не более 0,3 м, направления обработки только перпендикулярно оси газопровода).

УМГ «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» имеет право приостановить работы, выполняемые с нарушением правил охраны магистральных трубопроводов и сетей телекоммуникаций, а также требований, указанных в разрешении на производство работ в охранный зоне.

Закон О магистральном трубопроводе, охраны линий связи и электрических сетей являются обязательными для исполнения местными органами власти и управления, а также другими предприятиями, производящими работы или какие-либо действия в районе прохождения трубопроводов.

Должностные лица и граждане, виновные в нарушении изложенных требований, закона, правил привлекаются к ответственности в установленном порядке.

По всем вопросам, касающимся вышеизложенного, следует обращаться по адресу: Управление Магистральных Газопроводов «Кызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия», г. Кызылорда, микрорайон Арай, улица СердалыБекшораулы, здание 1, телефоны: Диспетчерская служба - 8 (7242) 30-11-17, 60-52-10, 8-771-285-1413 (круглосуточно).

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі
№ 938 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 01-03/669 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі Постановова Нургуль Абдрайхановнаның жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Алтыбай Сағымбаев көшесі, № 99 үй мекенжайында орналасқан көлемі 45,0 (қырық бес) шаршы метр дүкен салу үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-025-087) жер учаскесі мен жылжымайтын мүлкін «Алтыбай Сағымбаев көшесін қайта жасағыртудан өткізу» жобасын жүзеге асыру мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 30 шілде болып белгіленсін.
3. Меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 14 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласы әкімінің
міндетін атқарушы

Д. Тұрсынбаев

Постановление акимата города Кызылорда
№ 938 от 29 апреля 2026 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорда Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» № 01-03/669 от 20 апреля 2026 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка и недвижимого имущества для государственных нужд в связи с изъятием для осуществления проекта «Реконструкция улицы Алтыбая Сағымбаева» у собственности Постанововой Нургуль Абдрайхановны на праве частной собственности, расположенный по адресу: город Кызылорда, улица Алтыбая Сағымбаева, дом № 99, площадью 45,0 (сорок пять) квадратных метров (кадастровый номер 10-156-025-087) для строительства магазина.
2. Датой принудительного отчуждения определить 30 июля 2026 года.
3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 14.
4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Исполняющий обязанности
акима города Кызылорда

Д. Тұрсынбаев

Аударымдар мен жарналарды төлеу маңызды

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтардың МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке үздіксіз қол жеткізуінің негізі – аударымдар мен жарналарды уақтылы төлеудің маңыздылығын еске салады. «Сақтандырылған» мәртебесі тек соңғы 12 ай ішінде төлемдер үзбей жүргізілген жағдайда ғана беріледі. Ал үзіліс болған жағдайда мәртебе уақытша тоқтатылады, бұл МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке қолжетімділікті шектейді.

Жарналар мен аударымдар ай сайын төленуі тиіс. Олардың толық әрі уақтылы төленуі мемлекеттік кірістер органдары бақылайды. Мерзімдер бұзылған жағдайда өсімшүл есептеледі, сондай-ақ салықтық әкімшілендіру шаралары қолданылады.

Мемлекеттік кірістер комитеті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен бірлесіп, МӘМС жүйесіне аударымдар мен жарналарды төлеу



бойынша міндеттемелердің орындалуын тұрақты түрде мониторингтен өткізеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын тұлғалар арасында жарналар мен аударымдарды уақтылы төлеу маңыздылығын жиі тіркелген.

Шектеулердің алдын алу және медициналық көмекке қолжетімділікті сақтау үшін төленбеген кезеңдердің бар-жоғын тексеріп, қажет болған жағдайда өткізіп алған айлар үшін төлем жасаған жөн.



ЕР ЕДІМ ЕЛ ІШІНДЕ САЙРАН САЛҒАН

Ақан сері мен Біржан салды ісі қазақ түгел біледі десем артық емес. Мектеп оқулықтарынан бастап, өнер саласы оқу орындарының бағдарламасына енген екі қайталанбас тұлғаның асқақ әндерін әншілер де, әнсуыр жұрт та айта жүріп, кезегінде зор ықыласпен тыңдайтыны әмбеге аян.

Атам Қазақтан: «Арқаға барып әншімін деме» деген қисынды сөз қалған. Ақиқаты солай. Сөзімізді дәлелдейік, әйгілі «Гәккүміен» тоқсан түрлі ән қалықтатқан Үкілі Ыбырай, «Айым да сен Ғалия, күнім де сен» деп жүрек жауһарын тербеген Балуан Шолақ, «Қызы едім мен Уәлидің атым Майра, қызыл тіл көмекей мен тілім сайра» деп ән шалқытқан Майра, «Ажарын ашық екен атқан тағдай, нұры екен екі көзің жаққан шамдай, ананан сені тапқан айналайын, күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай» деп сүйген қызының сұлу портретін берген Сегізсері. Солардың қатарына ақын, әнші-композитор Мәди Бәпиұлы Алышынбаевты қосайық.

Ол 1880 жылы (бір жазбаларда 1878 жылы) Қарағанды облысы, қазіргі Қарқаралы ауданындағы Үшқара тауының етегінде дүниеге келген. Руы-Қаракесек. Арғы атасы қазақтың атақты үш биінің бірі Қаз дауысты Қазыбек, одан Бекболат би, одан Абайдың қайын атасы болған атақты Алышынбай. Алышынбайдан Қақабай, Бәлау, Қосық, Жанығұл, Бапи, Алышынбайдың кенже бала-сы Бәпиен Мәди туады. Бапи ел басқаруға ұмтылмаған, қарапайым, момын кісі болған. Қазақы салтпен айтсақ, Алышынбайдан қалған қарашаңырақтың иесі кенже бала Бапи болуға тиіс. Бірақ бар байлықты үлкені Қақабай иеленеді. Болыстыққа да сайланған.

«...Мәдиді сәби күнінен бастап Алышынбайдың әйелі Ұлжан әжесі тәрбиелеп, бетінен қақпай өсіреді. Бес жасында ашамай салып, тайға мінгізеді. Қайда барса да жанынан қалдырмайды. Ысқақ ишанға беріп 5 жыл оқытқан. Он жасында ауылға оралады. Ауылына қайтарда артына бір қарап алып: «Ал молдесе, қош-сау болыңыз, мен өз міндетімді орындадым» деп жүріп кетіпті.

– Құлыншағым неге келдің, – деп алдынан шыққан әжесіне:

– Молданыңда енді мен үйренетін ештеңе қалған жоқ, – деп жауап беріпті. Шын-дығында, алғашында ол дүниеге білімін түгел тауысқанша сезінеді. Бірақ өсе келе райынан қайтып, араб әрпімен жазылған қазақша өлең кітаптарды оқумен әуестенген...» (А.Жұбанов. «Замана бұлбұлдары», 15-бет)

Ер жеткен әжесінің үлкен ағасы, жоғарыда айтқан Қақабай болыстың қолына келеді. Мәди жастайынан батылдығымен, ән-жырға әуестігімен, домбырашылығымен көзге түскен. 14 жасында Тайынша жәрмеңкесінде күй тартып, Біржан салдың батысын алады. Қарулы, жүректі, ел арасына атағы шыға бастаған Мәдиді Қақабай өз мақсатына жұмсап, қолшоқпары еткісі келеді. Әлепкіде аңғармағанымен келе-келе Қақабайдың арам пиғылы мен залымдығын байқап, одан бас тартқан. Айтқанына көніп, айдауына жүрмеген Мәдидің келешегінде өзіне бәле болатынын сезіп, одан тездетіп құтылуың жолын іздейді. Ақыры «Мәди менің 4 қойымды ұрлады» деп бәле жауып, Атбасардың түрмесіне

каматады. 1914 жылы түрмеден шығып ауылына келген Мәди бар малының талдан-таражаға түскенін көріп қапа болады. Зығырданы қайнаған ол: «Ақыры мені барымташы деген екен, онда сол тапқан малдарымнан садақа алып, қара халыққа таратамын» деп күреске белін бекем бұады. Байлардан әуелі бөліс сұрайды. Көнегендерінен тартып алады. Қазақты бір-біріне айдап салып пайда тауып отырған орыс шенділеріне бұл оқиға ұнай қоймайды. Билер соғына беріп жазалатқысы келген. Алайда бұл әрекеттерінен ештеңе шығармайды. Билер соғы қалың елдің қолдауына ие болған Мәдиден қорқады.

Ақыры патша үкіметі қарулы әскермен тұтқындап, Мәдиді Қазалы түрмесіне әкеліп қамайды. Бірақ ештеңеден тайсалмайтын, ержүрек Мәди 1915 жылы түрмеден қашып шығады Арада екі жыл өткенде, яғни 1917 жылы «банды» атанған Мәди тағы ұсталады. Алайда осы жылы қазан төңкерісі болып, патша билігі құлады. Орнына Кеңес үкіметі келеді. Түрмеден босаған Мәди теңдікті жағалауатқан «большевиктер» жағына шығады. 1919 жылы Қолчак әскерлерімен болған соғысқа қатысады. Қолчакты Қарқаралыдан алып шығуға үлес қосады. Осында Қарқаралы кенесінің мүшелігіне сайланады. Бірақ көп ұзамай кеңес үкіметінің де қазақтарға ешқандай азаттық бермейтініне көзі жетеді. Кезінде патша үкіметіне жандышап болған сапқындар енді кеңес үкіметінің қолтығына кіріп, қазақтың көзі ашық, азаматтарын бірінен-кейін бірін ұстап бастайды. Мұны көрген Мәди сапқын қазақтармен ашық күреске шығады. Арамнан тапқан мал-мүліктерін тартып алып, сінірі шыққан кедей-кепшікке таратады. Әділдік пен еркіндік жолындағы күреспен тағы да екі жыл уақыт өтеді. 1921 жылдың ақпан айында Мәди Қарқаралы түрмесінде қара халыққа жанашыр болған Мұстафа Малдыбаевтың отырғанын естіп, жағдайын білуге келеді. Қүзетшілер кездестірмейді. Осыдан шатақ шығады, төбелес болады. Жабылып ұстап, алып бара жақпадан «қашпақшы болды» деген желеумен Жасанов деген түрме күзетшісі Мәдиді атып өлтіреді.

«Сұрасан Мәди еді менің атым, кем емес еш адамнан салтанатым» деген атышулы батыр, жарлы-жақыбайдың теңдігі үшін күрескен ер Мәди осылайша қаза тауып, Қарқаралы маңындағы бейітке жерленеді. Кейін ұрпақтары бейітіне құлпытас орнатыпты. Мәдиден бізге жеткен мұра-небәрі 4 ән. Алғашқы әні – Қаракесек. Бір шумағын жаза кетейік: – Сұрасан руымағы Қаракесек, Досымнан дұшпаным көп қылған өсек,

Үстінде құс мамықтың жататын ем,

Бұл күнде ку қарағай болды төсек,

– деп басталады.

Екінші әні – «Қарқаралы». Екі шумағын берейік:

– Атынан айналайын Қарқаралы,

Сенен бұлт, менен қайғы тарқамалы,

Сайынан сайғақ құрлы сая таппай,

Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы.

Қонғаны ауылымның талды-ау деймін,

Жағалай ел жайлауға қонды ау деймін,

Кір жуып, кіндік кескен туған жерім,

Артымда бір көрінбей қалды-ау деймін...

Кең тынысты ән, зарлы әрі аянышты. Рамазан Стамғазиев пен Ерлан Рысқалидың орындауында әнді салыстыра тыңдадым. Екі орындаушы да әнді түпнұсқаға сәйкестендіре айтады. Айырмасы, Рамазан Стамғазиев қоңырлатып әрі баяулата, ал Ерлан Рысқали өзіндік екпінмен сәл биіктеу орындайды.

Мәдидің үшінші әні – «Үшқара». Үшқара – Мәдидің кіндік қағанының тамған жері. Әрине, бұған ән арнауы мүмкін емес ғой. Жаңылмасам, 11 шумақтан тұрады. Қазіргі әншілер оның 3-4 шумағын ғана орындап жүр. Бүгіндері көбірек орындалып жүргені осы «Үшқара», Мәди өмірінің қысқаша баяны. «Арғы атам әулие еткен ер Қазыбек» деп басталып, одан туған Бекболатқа тоқталады. Оз атасы Алышынбайды құрметтей келе: «Атағы Алатаудай бабаларым, білдің бе осы күнгі біздің жайды» деп бір қайырады. «Қақабай Мәдименен бір туысқан, екеуі өле-өлгенше кек қуысқан» дей отырып, әжесі Бәпидің үлкен ағасы Қақабай мен екеуінің шиеленісті жағдайын тілге тиек етіп, ата-бабаларының аруағына сыйынады. «Үшқара» әніші, өнертанушы Ерлан Төлеутайдың орындауында сазды әрі өте нақышты, тыңдаушыға керемет әсер береді. Кезінде «Серлер» тобының әнішісі болған, марқұм Биғазы Тұтқабековтің орындауында алтын қорда сақтаулы. Тағы бір тоқтала кететінімдіз, бертіндегі «Қоңыр» тобының әнді өзара гармониялық үйлесіммен орындап, әсерлі жеткізе білуі еді.

Төртіншісі – «Шіркін-ай» әні. Бұл ән зерек орындалады. Бірақ құрылысы мен сазы жағынан алып қарағанда алдыңғы әндерінен кем емес.

Өнертану ғылымының докторы, Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның кафедра меңгерушісі Аманкелді Құзеубайұлы: «Мәдидің ұмытылып, халық әндері болып аталып кеткен әндері болуы әбден мүмкін» дейді. Ол – өнер зерттеушілерінің күзіретіне кіретін тіршілік.

Осы мақаланы баспаға әзірлеу барысында облыстық Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада болып, Мәдиді зерттеуші қаламгер Әшімбек Бектасовтың 1969 жылы жарық көрген «Мәди» атты шағын кітапшасымен таныстым. Бір ғажабы, кітаптың алғашқы бетінде (бұрын еш жерде суреті сақталмаған деуші едік) суреті басылған. Автор тарихи деректерге, халық аңыздарына сүйеніп отырып, Мәдидің ақындық, әншілік, композиторлығын, қуғын-сүргінмен өткен өмір жолын қаһарманның өз сөзінен, өлеңдерінен мысал келтіре отырып нағымды баяндайды. Қарқаралы өңірінде Мәдидің аумалы-төкпелі замандағы өмірі жайлы мәліметтер берген ондаған жанашыр азаматтар болған, соларға рақмет айтады.

Жарықтық Жүсекең, Қазақстанның халық артисі Жүсіпбек Елебеков ер естелігінде: 1914 жылы туған ағасы, өзінің алғашқы ұстазы Жақыпбекпен Қоянды жәрмеңкесіне барғанын, Мәдиді көргенін айтады. Сонда әуелі Жақыпбек ағасының ән салғанын, болғасын Мәдиге қарап: «Әдейі сізге тыңдатайын деп мына інімді де ертіп келіп едім» деп өтініш білдіреді. Сол жылы аса талантты Жүсіпбекке риза болған Мәди, батасын беріпті. Тұрасына келсек Мәдидің жоғарыда атап кеткен әндерін бізге жеткізген күміс көмейі әнші-ұстаз Жүсіпбек атамьз. Жазір орындалып жүрген төрт ән Елебеков нұсқасы. Жүсекең болмағанда кім білсін, әлдеқалай болар еді?

«Мәди батыр жігіт, халық бақыты үшін өмірін күреспен өткізген қайраткер. Еңбекші халықтың жауы қолынан қапыда өлді. Бірақ артына лайықты ескерткіш қалдырып кеткен композитор, әнші. Оның шығармалары халықтың аузында. «Қаракесек» әні «Ер Тарғын» операсындағы Ер Тарғынның бас арысы болып берілген. Ал «Шіркін-ай» әні «Қыз Жібек» операсында айтылады» дейді Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» деген кітабында.

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы Үшқараның баурайында Мәди атымен аталатын ауыл бар екен. «Ақтабан шұбырынды, алқалық сұлама» заманында, яғни осыдан 300 жылдай бұрын Мәдидің бабасы Қазыбек би рулы елін бастап келіп осы мандайға қоныстаныпты, содан өсіп-өнген ғой.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Білім беру ісінің құрметті
қызметкері
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 күшіне берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Тарапалы 8536 дана
Индекс 66503
Таспырыс №95
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/